



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2026

Әлем жаңалықтары

ДӘННЕН ДӘУЛЕТ ҚҰРАҒАН «ЕР-ӘЛІ»

Күннің ыстық қызуы көліктің әйнегінен өтіп, денеңді қайнатады. Жалағаштың жазығына төселген жасыл желек те бір-бірін ренжітпейін дегендей біркелкі, аласа бітіпті. Маусымның бел ортасы. Ауылдың бүгінгі тынысын аңдып, тіршіліктің тамырын басу үшін ауданға қарасты Т.Жүргенов ауылдық округіне жол тарттық. Ел ішінде жүріп, мұндағы жаңалыққа алыстан қанық болғанбыз, дәмеміз – енді көзбен көріп, көңілге түю.

Иә, Сыр өңірі ырысын жерден терген, еңбекпен елін асыраған жұрттың мекені екені әмбеге аян. Бұл аймақта ақ маржанды ата кәсіпке айналдырып, күріш шаруашылығын өркендетіп отырғандар аз емес. Соның бірі – «Ер-Әлі» шаруа қожалығы. Шаруашылық төрағасы Әліби Бақытбекұлы бұл салада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері табанды еңбек етіп келеді. Жылдар бойы жинаған тәжірибесі мен маңдай терінің арқасында ол бүгінде аудандағы іргелі шаруашылықтың бірін қалыптастырды.

Әліби Бекжановтың бұл салаға келуі кездейсоқтық емес. Ол – еңбекпен ерте етене араласқан, әулеттің тәрбиесін көріп өскен азамат. Бақытбек көкеміз де жастайынан механизатор болып, ауыл шаруашылығының жауапты жұмысын еңсерген жан еді. Ол заманда ауылға теледидар алғаш келген кездер болса керек, оны іске қосып, антеннасын құрастырып беретін де сол кісі болған.

Әке көрген оқ жонды. Бүгінгі еңбек адамын қалыптастырған да дәл осы көрініс. Ес білгелі анасы да тынымсыз еңбекпен айналысып, тігін тігіп, түні бойы отырып табыс табатын. Сол еңбектің ортасында өскен балада ерте жастан еңбекке деген құрмет қалыптасты. Бертін келе бұл қасиет студент Әлібиден де анық байқалған. Соған қарап, қанмен дарыған қасиет пе дедім.

Шаруашылықта өсірілген өнімнің әр түірінде үлкен еңбек жатыр. Сондықтан болар, оның өніміне сұраныс жыл сайын артып келеді. Күріш пен өзге де дақылдар ауданнан асып, еліміздің түрлі өңірлеріне жол тартады. Ал жалағаштықтар үшін бұл өнімнің орны бөлек.

Жыл сайын күзгі жәрмеңке қарсаңында тұрғындар шаруа қожалықтың келуін асыға күтіп, «биыл қашан келесіңдер?» деп алдын ала хабарласып жатады. Өткен жылы шаруа қожалық алқапқа салған дәннен айтарлықтай өнім алды. Атап айтқанда, 970 гектар күріштен 66 713 центнер өнім жиналды. Күріштің орташа өнімділігі гектарына шамамен 68,7 центнерді құрады. Сонымен қатар 193 гектар жаңа жоңышқа егіліп, одан 2 856 центнер өнім алынды. Бұл алқаптың орташа өнімділігі гектарына 14,8 центнер болса, 344 гектар ескі жоңышқа алқабынан 19 849 цент-

нер өнім жиналып, гектарына шаққанда 57,7 центнерді көрсетті. Биыл шаруашылықтың 949 гектары күрішке берілсе, 309 гектарға ескі жоңышқа, 99 гектарға жаңа жоңышқа егілді. Ал 21 гектар алқапқа жүгері дақылы орналастырылған.

Ауылға жақындағаннан алма бағы алыстан мен мұңдалайды. Бойын тіктеп, бұтақтарына жаңа ғана байланған жемістері күнге шағылысады. Арлы-берлі сабылған қарбалас та байқалмайды, мамыражай тыныштық осы маңға орныққан.

Табан тірегеннен бет алған алғашқы нысанамыз – шаруашылықтың күріш зауыты. Қақ төбедең түскен күн далаға шыққан жанның енді төбесін тесердей. Ал мұнда қызу тіршілік қайнап жатыр. Табиғаттың мұндай мінезіне жұрт әбден үйренген сыңайлы. Сыр білдіру былай тұрсын, мән беріп жатқан ешкім жоқ. Бірі келіп, бірі кетіп жатқан техникалардың дамылсыз қозғалысы мен айналыны күңіренген гүрілден өзгені қойып, өз дауысында өзін әзер естисің. Еңбектің нағыз қызған шағы деген осы шығар.

– Мұнда күріштің соңғы әрі ең жауапты кезеңі, яғни ақтау жұмысы жүргізіледі. Қазір зауытта «Айсұлу» сұрпы өңделіп жатыр. Дастарқанға дайын күйінде жететін күріштің ар жағында қаншама еңбек пен технологиялық үдеріс жатыр. Алдымен егіс алқабынан жиналып, қоймаға жеткізілген күріш арнайы қабылдау шұңқырына төгіледі. Барлық жұмыс осы жерден басталады. Одан кейін елеуіштен өткізіліп, қоспалардан тазартылады. Келесі кезеңде тас елек арқылы ұсақ тастар мен бөгде заттар ажыратылады. Содан соң күріштің сыртқы қабығы аршылып, тегістеу, яғни «шлифовка» жасалады. Кейін фотосепаратордың көмегімен сапасыз, піспей қалған немесе түсі

өзгерген дәндер іріктеліп алынады. Осы сатылардан толық өткен өнім ғана қапталып, тұтынушыға жол тартады, – дейді зауыт меңгерушісі Рамазан Жорабекұлы.

Жалғасы 2-бетте



ЖЕР СІЛКІНІСІНЕН АЛТЫ АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

Перуде магнитудасы 5,1 және 3,7 болатын екі жер сілкінісі тіркелді. Ел астанасы Лима қаласына жақын орналасқан Чупака провинциясында болған жер сілкінісінен алты адам қаза тапты. Елдің Азаматтық қорғаныс ұлттық институтының мәліметінше, табиғи апат салдарынан тағы 21 адам жарақат алған. Сондай-ақ 300-ге жуық тұрғынның баспанасы зақымданған.

Оқиға орнына өрт сөндірушілер мен құтқарушылар жіберілді. Мамандар үйінділерді аршып, іздестіру-құтқару жұмыстарын жалғастыруда. Айта кетейік, Перу Тынық мұхитының «Отты белдеуі» аймағында орналасқан. Әлемдегі жер сілкіністерінің шамамен 85 пайызы дәл осы сейсмикалық белдеуде тіркеледі. 25 маусымға қараған түні Венесуэланың солтүстігінде де магнитудасы 7,1 болатын жер сілкінісі болды. Магнитудасы 7,2 және 7,5 болған екі ірі жер сілкінісі небәрі 39 секунд айырмашылықпен қайталанды. Одан кейін тағы 782 дүмпу тіркелген. Елде қайғылы оқиғаға байланысты жеті күндік аза тұту жарияланды. Қазіргі таңда жер сілкінісінен қаза тапқандар саны 5119-ға жетті.

«ЖЖ» ақпарат

Еңбек адамы

АДАЛ ЕҢБЕК – АЗАМАТТЫҢ ЕҢ ҰЛЫ АБЫРОЙЫ

«Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» дейді дана халқымыз. Адам баласының өмірдегі ең үлкен байлығы – маңдай термен келген адал несібе. Байлық та, бақ та, абырой да еңбекпен келеді. Тіршіліктің қай саласында болсын адалдықты серік етіп, кәсібіне жанын арнаған жандар қоғамның ең қадірлі азаматына айналады. Өйткені адал еңбекпен келген табыс – берекелі, ал елдің алғысы – ең үлкен марапат.

Қазақ халқы ежелден еңбекқорлықты ең асыл қасиеттің бірі санаған. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей, адал еңбек – ардың ісі, кәсіп түбі – нәсіп» деген мақал – осының айқын дәлелі. Қай кезеңде де өз ісіне адал, кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын азаматтар елдің сеніміне ие болып, қоғамның дамуына үлес қосып келеді. Жалағаш жерінде де маңдай терімен нәпақасын тауып, адал еңбегімен көптің құрметіне бөленіп жүрген азаматтар аз емес. Соның бірі – көпбалалы әке, еңбекқор кәсіп иесі Ерлан Күнтуғанов.

Ерлан Серікболұлы – еңбекті өмірінің өзегіне айналдырған жан. Ол байлықты да, атақты да оңай жолдан іздемеді. Керісінше маңдай термен келген адал табыстың қадірін түсініп өсті. Еңбекке деген сүйіспеншілік оны жастайынан техниканың қыр-сырын меңгеруге жетеледі. Темір тұлпарға



қызығушылығы жыл өткен сайын артып, көлік жөндеу ісіне ерекше ден қоя бастады. Адам баласының сүйікті ісі оның өмірлік кәсібіне айналатыны секілді, бұл қызығушылық уақыт өте келе үлкен жауапкершілікке ұласты.

Ол 2005 жылы үйінің жанынан шағын қойма тұрғызып, алғашқы техникалық қызмет көрсету орнын ашты. Ол кезде үлкен мүмкіндік те, қомақты қаражат та болған жоқ. Бірақ үлкен арман, тынымсыз еңбек және өз ісіне деген сенім болды. Сол сенім оны алға жетеледі.

Алғашында аз ғана құралмен басталған еңбек бүгінде талай тұрғынның сеніміне ие болған кәсібі қызмет көрсету орнына айналды. Осы жылдар ішінде Ерлан Серікболұлы жүздеген емес, мыңдаған көліктің ақауын жөндеп, сан алуан техникалық қызмет көрсетті.

Көлік – бүгінгі күннің ажырамас серігі. Әрбір адамның күнделікті тіршілігі, жұмысы, кәсібі, отбасының амандығы көбіне көліктің жарамдылығына байланысты. Сондықтан көлік жөндеушінің еңбегі – үлкен жауапкершілік.

Ерлан Серікболұлы қозғалтқыш жөндеу, жүріс бөлігін қалпына келтіру, дәнекерлеу, сырлау, шанақ түзету, көліктің сыртқы келбетін жаңарту, техникалық ақауларды анықтау сияқты көптеген қызмет түрін сапалы орындап келеді. Әрбір көлікті өз мүлкіндей көріп, ұқыптылықпен жөндеуді басты қағидасына айналдырған.

«Шебердің қолы ортақ» дейді халық. Расында нағыз шебердің еңбегі халыққа қызмет етеді. Ерланның қолынан шыққан әрбір жұмыс оның кәсібіне деген адалдығын көрсетеді.

Кез келген адам көлігін жөндеуге ең алдымен сенімді маман іздейді. Өйткені сапасыз жұмыс уақытты ғана емес, адам өмірін де қауіпке тігуі мүмкін. Сондықтан бұл кәсіпте білім мен тәжірибеден бөлек адалдық пен жауапкершілік ауадай қажет. Ерлан Серікболұлы осы қағидалы өмірлік ұстанымына айналдырған. Ол ешқашан жұмысты асығыс орындап, сападан ұтылуды мақсат еткен емес. Керісінше әрбір істі соңына дейін мұқият аяқтап, тұтынушының ризашылығын бірінші орынға қояды. Осы адал

еңбегінің арқасында тұрғындардың ықыласына бөленіп, үлкендердің батасын алып келеді.

Халықтың сенімі – кез келген кәсіпкер үшін ең үлкен марапат. «Адал еңбек ешқашан жерде қалмайды» деген сөздің шынайы дәлелі де осы. Ерлан Серікболұлы – тек шебер ғана емес, өнегелі әке. Көпбалалы отбасының тірегі ретінде балаларына ең алдымен еңбекқорлықтың, адалдықтың, қарапайымдылықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Отбасы – адам тәрбиесінің алғашқы мектебі. Баланың көргені – өмірлік сабағы. Әкесінің маңдай термен еңбек етіп, адал кәсіппен нан тауып жүргенін көрген бала да ертең еңбекқор азамат болып қалыптасады. Қазақ халқы «Әке көрген оқ жонар» дейді. Ерлан Серікболұлының балалары да әкесінің еңбекке деген құрметін бойына сіңіріп өсіп келеді.

Кәсіп бастау оңай болғанымен, оны ұзақ жылдар бойы абыроймен алып жүру үлкен табандылықты қажет етеді. Ерлан Серікболұлы жиырма жылдан астам уақыт бойы бір кәсіптің тізгінін ұстап, маңдай терімен халыққа қызмет етіп келеді. Осынша уақытта ол талай қиындықты еңсерді. Бірақ ешқашан еңбектен қашқан жоқ. Себебі ол адал кәсіптің берекесін жақсы түсінеді.

– Кез келген істің берекесі – адалдықта. Мен бұл кәсіпті табыс үшін ғана емес, өзімнің сүйікті ісім болғандықтан таңдадым. 2005 жылы үйімнің жанынан шағын қойма салып бастаған жұмысым бүгінге дейін жалғасып келеді. Осы уақыт ішінде қаншама адамның көлігін жөндеп, халықтың алғысын алып келеміз. Мен үшін ең үлкен марапат – келушілердің риза болып шығуы. Адал еңбек адамды ешқашан жерге қаратпайды. Жастарға айтарым, қандай кәсіп болса да, оны шын ықыласпен атқарсаңдар, еңбектің жемісін

міндетті түрде көресіңдер. Ең бастысы, адал болу керек, – дейді Ерлан Серікболұлы.

Бұл сөздер – өмірден түйген тәжірибенің, еңбекпен келген даналықтың көрінісі. Бүгінде қоғамда кәсіпкерлікке бет бұрып жатқан жастар көбейіп келеді. Сол жастар үшін Ерлан Серікболұлы секілді азаматтардың өмір жолы – үлгі. Өйткені табысқа жетудің төте жолы жоқ. Оның жалғыз жолы – тынымсыз еңбек, жауапкершілік және адалдық.

Адамды байытатын – ақшасы емес, абыройы. Ал абырой халықтың сенімі арқылы келеді. Ерлан Серікболұлы осы сенімді ұзақ жыл бойы сақтап келе жатқан азамат.

Қазақта «Еңбегімен ер сыйлы, кәсібін сүйгеннің несібесі мол, жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөздер бар. Бұл нақылдардың мәні Ерлан Серікболұлының өмір жолымен үндесіп жатқандай.

Жалағаш өңірінде адал еңбегімен танылып, кәсібіне деген жауапкершілігімен көпке үлгі болып жүрген Ерлан Серікболұлы секілді азаматтар – қоғамның тірегі. Осындай еңбек адамдарының арқасында елдің тұрмысы түзеліп, кәсіптің мерейі артып келеді.

«Еңбек етсең – емерсің» дейді дана халқымыз. Ерлан Серікболұлының жиырма жылдан астам уақыт бойы тынымсыз еңбегі – осы сөздің айқын дәлелі. Оның маңдай термен келген адал табысы, халықтың ақ батасы мен құрметі – өмір жолының ең үлкен жетістігі. Адал еңбекпен абырой тапқан азаматтың өнегелі жолы жас ұрпаққа әрдайым үлгі болып, еңбекқорлықтың, қарапайымдылықтың және адамгершіліктің жарқын көрінісі болып қала бермек.

Ләззат САҒЫНТАЙҚЫЗЫ

2 ҚОҒАМ

Брифинг

Кеше аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Брифингте бөлім басшысы, азаматтық қорғау майоры Ғафур Ақмырзаев биылғы жылдың алғашқы алты айында төтенше жағдайлар саласында атқарылған жұмыстарды қорытындылап, өрттің алдын алу бағытында жүргізілген іс-шаралар туралы кеңінен баяндады. Айтуынша, жыл басынан бері ауданда 18 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6 жағдайға көп. Өткен жылдың дәл осы уақытында 12 өрт оқиғасы орын алған болатын. Өрт оқиғалары дер кезінде оқшауланып, уақытылы ауыздықталғанымен, салдарынан 1 адам қаза тауып, 2 адам түрлі дәрежеде жарақат алған.

Тіркелген өрттің басым бөлігі тұрғын үй секторында, сондай-ақ орман және дала алқаптарында орын алған. Нақтырақ айтсақ, биыл нысанда 1 өрт оқиғасы тіркелсе, өткен жылдың алғашқы жартыжылдығында мұндай жағдай орын алмаған. Ал автокөліктерде өрт оқиғаларының саны керісінше азайған. Өткен жылы көлік құралдарында 5 өрт тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 1 жағдайға дейін төмендеген. Ал тұрғын үй секторындағы өрттердің саны артқан. Былтыр алғашқы алты айда тұрғын үйлерде 5 өрт оқиғасы тіркелсе, биыл олардың саны 8-ге жеткен. Сондай-ақ спикердің айтуынша, орман және дала алқаптарындағы өрт оқиғалары да көбейген. Өткен жылы мұндай 3 жағдай тіркелсе, биыл олардың саны 7-ге дейін өскен.

Брифингте бөлім басшысы өрттің шығу себептеріне де тоқталды. Оның айтуынша, тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтамауы, электр желілері мен тұрмыстық жылыту құрылғыларын дұрыс пайдаланбауы, сондай-ақ балалардың отпен ойнауы қайғылы жағдайларға себеп болып жатады. Биыл жылыту пештерінің ақауынан 2, газ баллонының ақауынан 1 өрт оқиғасы тіркелген. Ал электр желілерінің ақауынан болған өрттердің саны айтарлықтай азайған. Өткен жылдың алғашқы жартыжылдығында осы себептен 8 өрт орын алса, биыл олардың саны 3-ке дейін төмендеп, 62 пайызға қысқарған.

Сонымен қатар отты абайсыз пайдалану салдарынан болған өрттердің саны өзгеріссіз қалып отыр. Былтыр да, биыл да осы себеп-

6 АЙДА 18 ӨРТ ТІРКЕЛГЕН



тен 2 өрт оқиғасы тіркелген. Бұдан бөлек биыл шылым шегу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау салдарынан 1 өрт оқиғасы орын алған. Биыл алғашқы алты айда өрттен келген материалдық шығын 530 мың теңгені құрап отыр. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 69 пайызға аз. Өрт сөндірушілердің жедел әрекетінің арқасында оқиғалардың барлығы дер кезінде оқшауланып, тілсіз жаудың кеңінен таралуына жол берілмеген. Дегенмен өрт оқиғаларының салдарынан 1 адам қаза тауып, 2 адам жарақат алған.

Жалпы төтенше жағдайлар бөлімінің негізгі міндеті – төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын болдырмау. Осы бағытта сала мамандары жыл бойы жүйелі түрде профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Аудан тұрғындарын суға шомылу маусымында су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырып, жылыту маусымы қарсаңында білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік сала нысандарының қысқы кезеңге дайындығын тұрақты бақылауда ұстайды.

Сонымен қатар аудан аумағындағы жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, көмірқышқыл газынан улану жағдайларының алдын алу жұмыстарын үздіксіз жүргізеді. Мамандар төтенше жағдай қаупі туындаған сәтте жедел қызметке дер кезінде хабарлаудың маңыздылығын да үнемі ескертіп келеді.

Дегенмен бөлім басшысының айтуынша, жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстарына қарамастан қауіпсіздік талаптарына немқұрайлы қарайтын тұрғындар әлі де азаймай отыр. Соның салдарынан соңғы уақытта аудан аумағында тіркелген өрт оқиғаларының басым бөлігі азаматтардың салғырттығы мен жауапсыздығынан орын алған.

Сала мамандары судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында да түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Су айдындарындағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, №11 өрт сөндіру бөлімінің кезекшіліктен бос қызметкерлері, аудандық полиция бөлімі мен еріктілер бірлесіп 124 рейдтік шара ұйымдастырған. Рейд барысында балық аулап жүрген және өзге де шаруаларымен су айдындарына келген 438 тұрғынға қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, арнайы жадынамалар таратылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 412-бабына сәйкес, суға түсуге рұқсат етілмеген орында шомылған 1 азаматқа әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынған.

Тама қазіргі таңда аудан аумағында суға шомылуға тыйым салынған 6 қауіпті үчаске анықталды. Бұл орындарға 28 ескерту тақтайшасы мен 11 ақпараттық билборд орнатылды. Сондай-ақ Қызылорда облы-

сы төтенше жағдайлар департаментінің тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларының жүзу дағдыларын қалыптастыру және қауіпсіздігін арттыру мақсатында төтенше жағдайлар бөлімі мен «Бодыбай Құлтекенов» атындағы жабық бассейні арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Осы келісім аясында аталған санаттағы балалардың бассейнде тегін жүзуіне мүмкіндік жасалды, – дейді Ғафур Әлиұлы.

Айта кетейік, бүгінде ауданда 719 өрт гидранты бар. Оның 164-і аудан орталығында, 533-і ауылдық елді мекендерде және 22-сі нысандарда орналасқан. Оның ішінде 640-ы жарамды, 79-ы жарамсыз күйде екені анықталып, қазіргі таңда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Кенттен шалғап орналасқан ауылдарда өрт оқиғасы орын алған жағдайда аудан орталығынан жететін өрт сөндіру көлігінің уақыт алатыны белгілі. Соның салдарынан тілсіз жау бірнеше тұрғын үй мен қора-қопсыны шарпып үлгеретін жағдайлар да кездеседі. Осындай қауіптің алдын алып, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін күшейту мақсатында ауданда «Ауыл құтқарушылары» жобасы іске асырылуда. Жоба аясында ерікті өрт сөндіру жасақтары құрылып, олар қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Спикердің айтуынша, бүгінде «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Есет батыр ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты ауласынан «Ибраев Б» шаруа қожалығының жетекшісі Бақыт Ибраевтың демеушілігімен көлемі 12х6 метр болатын, үш бөлмеден тұратын өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілген. Мұнан бөлек қазіргі таңда осындай өрт сөндіру бекетінің құрылысы Мәдениет ауылдық округінде де қарқынды жүргізіліп жатыр.

Брифингте бөлім басшысы тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырды. Әсіресе жаз мезгілінде құрғақ шөп пен қоқиысты өртемеуге, электр желілері мен газ құралдарын қауіпсіздік талаптарына сай пайдалануға және балалардың қараусыз қалдырмауға үндеді. Оның айтуынша, қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайдың алдын алуға болады.

Брифинг соңында Ғафур Ақмырзаев тілшілердің бірқатар сауалына жауап беріп, алдағы уақытта да төтенше жағдайлардың алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын атап өтті.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Сақтансаң, сақтайды



БАССЕЙНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК – ӨР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жаз мезгілінде тұрғындардың бассейндерде демалуы жиілейді. Осыған байланысты аудандық төтенше жағдайлар бөлімі азаматтарды судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Бассейндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау – жазатайым оқиғалардың алдын алып, адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың басты кепілі. Сондықтан әрбір азамат демалыс кезінде қауіпсіздік талаптарына жауапкершілікпен қарауы қажет.

Бассейнде болған кезде әкімшілік пен нұсқаушылардың талаптарын бұлжытпай орындаңыз. Балаларды ешқашан қараусыз қалдырмаңыз, олар үнемі ересектердің бақылауында болуы тиіс. Жүзуді толық меңгермеген азаматтардың терең жерлерге бармағаны дұрыс.

Сондай-ақ бассейн жиегінде жүгірмеңіз, бір-біріңізді итермеңіз, су ішінде қауіпті ойындар ұйымдастырмаңыз және арнайы рұқсат етілмеген орындардан серкірмеңіз. Алкогольдік ішімдік ішкен күйде суға түсуге қатаң тыйым салынады. Өзiңiздi жайсыз сезiнген жағдайда немесе төтенше жағдай орын алса, дереу бассейн қызметкерлеріне немесе құтқарушыларға хабарлаңыз.

Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау – өз өміріңізді және жақындарыңыздың өмірін қорғаудың маңызды шарты. Демалыс орындарында белгіленген талаптарды сақтап, қауіпсіздік мәдениетін бірге қалыптастырайық.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

ДӘННЕН ДӘУЛЕТ ҚҰРАҒАН «ЕР-ӘЛІ»

Егіс алқабындағы маусымдық машақаттан басталған еңбек осы зауытта жалғасып, соңғы нәтижеге ұласады. Шынында, бір түйір күріштің сапалы өнімге айналуы – тиянақты еңбектің, заманауи техниканың және тәжірибелі мамандардың үйлесімді жұмысының нәтижесі. Бүгінде жоғары сапасымен танылған «Маршал» және «Каурис» күріш сұрыптары да өңделіп, тұтынушыға жол тартады.

Мұнда қол еңбегі көп байқала бермейді. Өндірістегі негізгі жұмыстардың басым бөлігі заманауи техниканың көмегімен атқарылады. Бірінен кейін бірі жалғасқан құрылғылар күрішті тазалап, сұрыптап, өңдеп, қаптауға дейінгі барлық үдерісті автоматты түрде жүзеге асырады. Адам күші көбіне қондырғылардың жұмысын бақылап, сапаны қадағалауға бағытталған. Сондықтан зауыт ішіндегі тынымсыз тіршілік техниканың тілін тапқан мамандардың басқаруымен өрбіп жатыр.

Шыға берісте тағы бір бөлікті көз шалды. Күзде іске қосылып, тыным таппайтын бұл алып аппарат күрішті кептіруге арналған. Биыл алғаш рет қолданысқа енетін қондырғы алдағы жұмысына сақадай сай. Жалпы мұнда дәл қазір мызғып тұрғаны тұқым тазалайтын аппарат қана секілді. Көктемгі науқанда егінге қажет тұқымды дайындап беріп, мойнындағы міндеттен бір сәтке босап қалған.

– Тұқым тастағалы екі ай болды. Қазір күріштің шығымы жаман емес. Шаруашылықта төрт бригада бар. Биыл 500 гектар жерге егін ектік, оның 300 гектары – жоңышқалық. Екінші орым да болып қалды, енді келесі жоңышқа орымына біршама уақыт бар. Сонымен қатар 21 гектар жүгері, 20 гектар бидайымыз бар. Қазір барлық дақылдың күтімі уақытылы жүргізіліп жатыр. Әр істің өз мезгілі бар, соған сай жұмыс тоқтаған емес, – дейді бригадир Әсет Бекболатұлы.

Атыз жағалаған жанға қазір ең қызу кезеңінің басталғаны бірден аңғарылады. Көктемде суға бастырылып, дәні себілген алқаптар бүгінде жасыл кілемге оранған.



Күріштің әр түбі қуат алып, бой түзеп келеді. Бұл – диқандар үшін көз қуантатын көрініс. Себебі осы кезеңде дақылдың күтімі мен су режимі қатаң бақылауда болады.

Шаруашылықтың әр бригадасына жүктелген міндет те аз емес. Бірі су реттесе, енді бірі техниканың жайын қарайды. Ал жоңышқалықтағы жұмыс өз алдына бөлек қарқынмен жалғасуда.

Жаздың әр күні есептеулі. Сондықтан мұнда уақытпен санаспай еңбек ету – қалыпты жағдай. Жердің тілін тапқан жан ғана оның берекесін көретінін жақсы білетін еңбек адамдары алдағы күздің қамын бүгіннен жасап жүр. Мол өнімнің негізі дәл осы күндері қаланып жатыр.

Күріштің бабын баққан жаннан сұрадық.

Бұл күндері диқандар таңның атысы, күннің батысы алқап басынан табылады. Бір қарағанда суға толы атыздың жайын бақылап жүргендей көрінгенімен, оның әр күні есеп пен тәжірибеге сүйенеді. Су деңгейінің өзгеруі, ауа райының құбылуы, бәрі дер кезінде назар аударуды талап етеді. Осы салада он бес жылға жуық еңбек етіп келе жатқан Мұратбек Андақұлов күріш өсірудің оңай кәсіп еместігін айтады.

– Күріштің жайын күнде бақылап отырамыз. Су мөлшері, арамшөппен күрес, тыңайтқыш беру, бәрі уақытылы атқарылуы керек. Әр кезеңнің өз уақыты, әр жұмыстың өз жауапкершілігі бар. Талмай еңбек етсең ғана жемісін көресің. Диқан үшін егістіктің

жайқалып өскенінен асқан қуаныш жоқ, – дейді ол.

Расында алқап басындағы әрбір өнімнің артында маңдай тер, тынымсыз еңбек жатыр. Көктемнен басталған қарбалас енді күзгі жыын-терімге дейін жалғасады. Шаруа қожалық бұған дейін егістік алқаптарын лазерлік тегістеу технологиясы арқылы даярлап, тамшылатып суару әдісін енгізу арқылы суды үнемдеуге ден қойған. Елді мекен су жүйесінің ең төменгі бөлігінде орналасқандықтан, мұндағы күріштік алқаптар «Шіркейлі» каналынан келетін суға тәуелді. Сондықтан су тапшылығы туындаған жағдайда арнайы электрлі моторлар іске қосылып, алқақта тіршілік нәрін жеткізеді.

Шаруашылықта бүгінде 100 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Мұнда еңбек адамдарының әлеуметтік жағдайына да айрықша көңіл бөлінеді. Биыл ғана он жетінші отбасы жаңа бастауға қол жеткізіп, қоныс тойын тойлады. Сапар барысында шаруашылық құрылған күннен бері табан аудармай еңбек етіп келе жатқан жандармен де жүздестік. Арасында 18-20 жылдан бері осы жердің ыстық-суығына төзіп, маңдай терін төгіп жүрген тәжірибелі диқан, механизаторлар аз емес. Демек, тұрақты әрі берекелі шаруашылық қалыптастыру басты назарда деген сөз.

Адам тұрақтамаса, жұмыс тұралайды. Сондықтан мұнда ең алдымен еңбек адамының жағдайын жасауға мән беріліпті. Алдыңыздан шыққанның аузына сөз салсаңыз, «сушы болып бастағанмын» дегенді жиі естисіз. Себебі еңбек еткен адамға мүмкіндік бар. Қарапайым жұмысшы болып келіп, бүгінде бригадир, меңгеруші атанған азаматтар жетерлік.

Дегенмен диқандар үшін биыл оңайға соққан жоқ. Қыстың қыңыр мінезінен әуірімдеп шыққан жұрт көктемдегі толассыз желдің де салдарын сезінді. Соның әсерінен күріштің көгі жылдағыдан кештеу бой көтеріп, түп жару кезеңі де кешейілдеді. Бұл әрине, алдағы өнім көлеміне де өз ықпалын тигізбей

қоймайды. Соған қарамастан адал терін қара жерге төгіп жүрген егіншілердің еңсесі түскен емес. Таң қылаң бере басталған тіршілік күн ұясына қонғанша толастамайды. Себебі шаруашылықтағы егіншілер жердің жомарттығы еңбекпен ғана келетінін жақсы біледі.

Бүгінде бұл шаруа қожалық аудан көлеміндегі әлеуетті шаруашылықтардың біріне айналған. Еңбектің өнімділігін арттыру мақсатында соңғы жылдары техникалық жарақтандыруға басымдық беріліп, шетелден заманауи ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынған. Соның арқасында егіс пен орақ науқандары бұрынғыдан да сапалы атқарылуда. Қожалықтың техника паркі де ауқымды. Мұнда 10 астық жинайтын комбайн, 4 жатка, 30 трактор, 3 тиегіш, 10 тіркеме, 2 КамаЗ, 1 ЗИЛ, 1 бензовоз, тыңайтқыш дала шағырған 8 агрегат пен 1 экскаватор бар. Ша- жұмыстарының әр кезеңі осы техникалардың көмегімен жүйелі жүргізіледі.

Class Axion 820, МТЗ-80, Т-150, Class Lexion 750. Шаруашылық ауласын аралаған сайын осы техникалардың атауына қанық болдық. Әріректе шамамен екі-үш жылдың төңірегі болар, бір сұхбатта Әліби ағайдың ең алғаш мінген тракторын көзім шалған. Алдыңғы екі дөңгелегі топыраққа белшесінен батып тұрған, темірін тат басқан, бетіндегі бояуы қабыршақтанып кеткен ескі техника. Кезінде шөп шауып, астық тасып, шаруашылықтың бар жүгін көтерген еңбеккер сол екен. Қазіргідей жайлы кабина да жоқ. Бірақ талай науқанды еңсеріп, талай көктем мен күзді өткерген. Содан болар, алдына астауын артқан сол ескі трактор манадан бері көрген қымбат техникалардың бәрінен әлдеқайда қымбат, әлдеқайда құндырақ көрінді. Өйткені мұнда тарих бар. Әліби ағайдың жастық шағы бар. Алғашқы еңбек жолы, алғашқы маңдай тері бар. Оның бағасын нарық емес, уақыт пен еңбек беріп қойған.

Гүлжан ЕСЖАН, басы 1-бетте

Ауыл тынысы

АҚҚОЛҚА – АТАҚОНЫСЫМ

Кешегі Кеңес дәуірі кезінде, елуінші-алтысыншы жылдары Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой санын 50 миллионға дейін жеткізу міндеті қойылды. Мал басын өсіріп, өнімін молайту үшін шалғайдағы шөлейт жерлерді, мал жайылымдарын игеру керек болды. Соған байланысты 1964 жылы КПСС Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің «Шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы» қаулысымен Қызылорда облысында 6 шаруашылық, яғни Жаңадария, Аққыр, Іңкәрдария, Қуаңдария, Жаңақала және Қазалы ауданындағы қой фермасы Қызылқұм қой совхоздары құрылды. Соның бірі Жаңадарияның оңтүстік жағында орналасқан, 1964 жылы қазығы қағылған Жаңадария совхозына Жүсіп Бисариев одан директор болып тағайындалды. Ол шаруашылықтың құрылып, қалыптасу кезеңінде қызмет етсе, алан кейін әр жылдары Асанбек Оспанов, Біржан Қоштаев, Нәжімәдин Ысқақов, Сақи Тұрсынбаев, Балғабай Иманшев, Шағанбек Төлегенов, Манарбек Еспанов совхозға басшылық жасады.



механизаторларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мәселен, үшінші ферманың майталман механизаторлары мен жүргізушілері Кеніштай Сақтағанов, Әбдіразақ Бекмуратов, Өмірбек Қосбергенов, Бердібек Жәбетов, Ыбыраш Адিশов, Жұмабек Малбасқанов, Әлмахан Жақсылықов, Өзін Елемесов, Сүйкен Әлмешов, Бердібек Аппазов, Иса Әлменов, Егізбай Оразымбетов, Серік Шадиоров, Жақсылық Шашейітов, Хайрулла Оспанов, Төлеубай Тәжтаев, Хитарбек Рахметов, Сәбит Байкенжеев, Темірбек Қоқашев маусымдық жұмыстарға араласып, мал шаруашылығын дамытуға атсалысты.

Сонымен қатар мал шаруашылығының мамандарымен бірге сауда, байланыс, мәдениет, білім, денсаулық саласының қызметкерлері халыққа қалтқысыз қызмет етті. Мәселен, киномеханиктер Тиышбек Қираев, Әлмахан Жақсылықов, кітапханашы Боранқұл Сейдахметова, газет таратушы Алтын Бөртаева газет-журнал, кітаптарды халыққа дер кезінде жеткізіп, кино-фильмдер көрсетсе, сатушылар Қойшығара Елікбаев, Әбдіразақ Бекмуратов, фельдшерлер Мәленет Құдайбергенов, Айман Сайлыбаева тұрғындарға сауда, медициналық қызмет көрсетіп құрметке қатысты. Шағын аударан артылып «Еңбек Ері» шықпаса да, ел сенім артқан халық қалаулылары аудандық, облыстық кеңестің депутаты, кеуделеріне медаль, орден таққан мамандар мен малшылар баршылық.

«Қарты бар елдің қариясы бар» дейді халқымыз. Біздің ауылда ел бірлігін ту еткен көзі ашық, көкірегі шежіре қазыналы қарияларымыз көп еді. Солардың қатарында Бекжан, Малбасқан, Бодық, Саттарқұл, Ідіріс, Сейсен Байкенже, Ондабай, Шаңғара, Бөртай, Ғазиз секілді абыз ақсақалдарымызбен қыз-келіншектер мен келіндерін көлөнерге, халқымыздың салт дәстүр, әдетте тұрпін құрметтеуге тәрбиелерге Бағдағұл, Дәмәткен, Батира, Құрш, Қараш, Қоңыр, Маржанкүл секілді асыл әжелеріміздің орны бөлек, шоқтығы биік еді әу. Ауыл тұрғындары қайғы-қуанышын бірге бөлісіп, бір соғымды бөліп жеп, бір үйдің баласындай, туған бауырындай сыйласатын. Отбасының шаруасы мен бала тәрбиесін қатар атқарып, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген Бөтеш, Рима, Жаңыл Қоңыр, Айнатай сынды Батыр аналарымыздың еңбектерін өнеге етіп, есімдерін құрметпен атауымыз керек.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері Шаңғара Тұрманов, Сейсен Бөрібасов, Қалдыбек Ақсейітов, Бөртай Қөрібаев, Әбдібек Қоқашев ел басына күн туғанда майдан даласына аттанып, жауынгерлермен бірге Отанның қорғаса, тыл ардагерлері колхозда жұмыс істеп, майданға азық-түлік, киім-кешек жөнелтіп, женісті жақындатуға атсалысты.

Ауыл – алтын бесік, таланттар мекені. Аққолқадан түлеп ұшқан еңбек және өнер адамдары көп. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысатын үшінші ферманың меңгерушісі болып басшылық жасаған Омық Бұйраев, Жалғасбай Сағымбаев, Барлыбай Табанов, Бегей Еспанов, Көптілеу Токсанов, Қартанбек Қанлыбаев, Әбдіразақ Бекмуратов, Біржан Қоштаевтар мен малшылардың балаларын оқытып, ұрпақ тәрбиелеген Назмадин Құрасбаев, Өтепберген Өбіев, Дауылбай Тышқанбаев, Серікбай Жанашев, Ресалды Нұрмағанбетова, Тасқұл Сәрсенбаева, Шермағанбет Нұрмаханов, Талғат Қанбаев секілді тағы да басқа ұлағатты ұстаздардың еңбегін ел жақсы біледі. Сондай-ақ журналистика саласында ұзақ жыл қызмет еткен қарымды қаламгерлер Бейбітбек Бүркітбаев, Серік Бөртаев, белгілі айтыскер ақын Айдос Рахметов, жырпау Думан Ахметов, ақын Аксері Құдайбергенов, Олжас Сәндібеков, Рамазан Қосназаров осы ауылдың киелі топырағынан шыққан төл перзенттер екенін білуіміз керек. Сондай-ақ республикамыздың түкпір-түкпірінде, тіпті шет елдерде де әр салада жауапты қызмет атқарып жүрген аққолалық азаматтар мен азаматшалар қаншама.



әкелінген малдар тиісті адамдарға бекітіліп беріліп, шопандар құрамы жасақталды.

Алғашқы жылдары қыс айларында шопандар Жаңадария бойында вагондарда, енді бірі киіз үйлерде қыстап шыққан кездер болды. Жетпісінші жылдардан кейін совхозда жергілікті тұрғындар мен өзге ұлт өкілдерінен құрылған құрылыс бригадасы жұмыс жасады. Сөйтіп Сейфулмәлік Әбділаев басқаратын бригада мүшелері ферманың шопандарына арнап екі-үш бөлмелі үй салып, төбесін жауып берді. Сонымен қатар мал қораларын салу жұмыстары да қоса атқарылды.

Фермаға көшіп келіп жұмыс істеп жатқан мамандар мен малшылардың дені Жамбыл атындағы колхоздың тұрғындары болатын. Алғашқы жылдары ферманың малшылар қатарында шопан Сембек Оразов, Аяған Әлдеев, Ондабай Табанов, Қасым Андашев, Бөртай Қөрібаев, Ахмет Құлтасов, Нәрібай Бекназаров, Кеңес Өбетов, Бисбай Тұнғатов, Сәндібек Рахметов, Өртелбек Бодықов, Айтпай Сартов, Қозыбағар Қабатов, Асқар Дәуітов, Мырзабек, Төребек Ерұлтановтар, жылқышы Мәукен Сәлиев, Нұрмағанбет Аяғанов, Серікбай Елеуішов, Аяған Тұрмаханов, түйекеш Сейсен Бөрібасов болды. Сондай-ақ ферманың зоотехнигі Бақдәулет Назарымбетов, Сүйеберген Өбетов, Тынышбек Бекжанов, мал дәрігері Барлыбай Табанов, Жәрімбет Мәліков, бухгалтер Дүзелбай Байкенжеев, шаруашылық меңгерушісі Тәжібек Амандықов, құрылыс мастері Бәкберген Қөрібаев, Шаңқара Тұрманов, жүргізуші-механизатор Ыстықбай Оспанов, Ібіраш Әдішев, Сүйген Әлмешов, Өмірбек Қосбергенов, Әбдіразақ Бекмуратов, Жұмабек, Шаукембек, Дүйсенбек Малбасқановтар, Бердібек Жәбетов, Бердібек Аппазов шаруашылықтың алғашқы қалыптасу кезеңінде қажыры еңбек етті.

Сөйтіп шопандар қыс айларында Жаңадария бойын жағалай қыстап шықса, жазғы жайлаулары Қызылқұм қойнауы болды. Көктемгі қой төлдету, күзгі қүйек алу жұмыстары қызылқұмда ұйымдастырылды. Тіпті жетпісінші жылдардан кейін шопандар қызылдың түстігіне қарай өңді, Өзбекстан мен шекаралас «Бірше», «Бейсенбай», «Кізібай», «Бірқұлаш», т.б жерлерді қыстап шықты. Себебі ол өңірдің жері тың, шырпы сексеуілмен бірге жусан, селеуі мол жайылым болатын. Қыс бойы қойларын жайып семірткен шопандар көктемде төменге қарай қызылдың шетіне көшіп келіп қоныстанатын.

«Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсірі» деген сөз бар. Шынында, қойдың еті мен сүті – табиғи тағам, ал терісі мен қаракөл елтірісінен киім керек, басқа да тұрмыстық бұйымдар өндіріп шығаруға болады. Сондықтан совхоздың шопандарына қоғамдық мал басын аман сақтап, қой санын өз төлі себесінен көбейту міндеті қойылды. Өрқайысы міндет алып, аманат арқалаған үшінші ферманың шопандары да қыс қаһарынан қаймықпай қажырлылықпен еңбек етті. Мал жайылымын тиімді пайдаланып, күзгі қүйек алу, көктемгі қой төлдету науқандарын ұйымшылдықпен өткізді. Сөйтіп тәжірибелі шопандар Қозыбағар Қабатов, Ахмет Құлтасов, Тәжтай Қошекбаев, Нәрібай Бекназаров, Айтпай Сартов, Артелбек Бодықов, Бөртай Қөрібаев, Аяған Әлдеев, Бисбай Тұнғатов, Кеңес Өбетов, Кеншілік Сембеков секілді т.б шопандар қарамағындағы қойдың әр жүз аналығынан 110-120 төл алып, табыс тұғырынан көрінді. Мал басын молайту жолындағы жемісті еңбектері ескеріліп, екінші тын ерлері Қозыбағар Қабатов, Тәжтай Қошекбаев «Еңбек Қызыл Ту», Айтбай Сартов пен Нәрібай Бекназаров «Еңбек Даңқы» орденлерімен марапатталды. Сондай шопан А.Сартов пен көмекші шопан Дәмәғұл Өбетова ауылдық, аудандық кеңеске депутат болып сайланды.

Жыл өткен сайын фермалда мал саны артып, қой саны 25 мыңға дейін жетті. Үшінші ферма мал өнімін өндіру жөніндегі барлық қорсеткіштер бойынша қош бастап, бірнеше рет совхоздың ауыспалы «Қызыл Туы» жеңіп алды. Ферма орталығы Аққолқада 40-45, отбасында 200-ден астам адам есепте тұрды. Жүзге жуық адам мал шаруашылығында, білім, мәдениет, механизация саласында еңбек етті.

1968 жылы ферма орталығында төрт жылдық мектеп ашылды. Жетпісінші жылдары мектеп-интернат салынып, онда малшылардың жатып оқуына жағдай жасалды. «Қышбөгет» сегізжылдық мектебінде оқып бітірген тұлелер ер салада еңбек етіп, егемен еліміздің өсіп-өркендеуіне үлесін қосып, бүгінде біркратары зейнеткерлікке шықты.

Аққолқа ауылының қазығы қағылып құрылған кезден бастап құрылыс жұмыстары қарқын алды. 1968 жылы молдавандар келіп, қолдан соқпа кесек құйып, ферма орталығында бөдене үйлер салды. Сол жылы малшылардың балалары төрт сыныптың оқушылары тұрғын үйдің бір бөлмесінде оқып білім алды. 1969 жылы төртжылдық мектеп салынып, оқушыларға есігін айқара ашты. Ал 1970-1980 жылдары құрылыс бригадасының күшімен Жаңадария бойында орналасқан «Қосарықбоян», «Сары ишан», «Шауек», «Талқанбай», «Қатынкеткен», «Құрталық», «Қараш», «Қышбөгетте» шопандардың үйлері мен мал қоралары салынды.

Ферма орталығында бөренелер орнатылып, желілер тартылып, мотор арқылы тұрғындарға он шақты жыл жарық берілді. Моторист Төлепберген Байнаев болатын. Жетпісінші жылдардың соңында бір игілікті іс Жаңадария совхозы орталығынан Аққолқаға 52, одан әрі қызылқұмға «Мортқыла» дейін 53, барлығы 105 шақырым жоғары кернеулі электр желілері тартылып, жарық жеткізілді. Соның арқасында қой қыркым, қаракөл соо пункттерінің жұмыстары бір жерге ортақтандырылып, жүйеге келтірілді. Сондай-ақ каналдар қазып, көкөніс, бақша егу, мал жайылымдарын суарып игеру жұмыстары қат-қабат атқарылып жатты. Аққолқаның шығыс жақ жиегінен «Бодық» каналы қазылып, көкөніс, жонышқа егіліп, халық игілігін көрді.

Аққолқа елді мекенінің тұрғын үйлері кешіккіл мотормен жарықтандырылғанын айттық. Мотористер Ыстықбай Оспанов, одан кейін Төлепберген Байнаев моторды іске қосып, ел жатқанға дейін жарық берілуі қамтамасыз етті. Орталықтандырылған электр жарығы жүргізілгеннен кейін подстанция жұмысы электрик Шаукембек Малбасқановқа тапсырылды.

Жетпіс-сексенінші жылдары ферма орталығында мектеп-интернат, мелпункт, клуб, 20 шақты тұрғын үй жаңадан салынды. Бұл жұмыстарға әр жылдары құрылыс мастерлері Бәкберген Қөрібаев, Шаңғара Тұрманов, Алтынбек Бодышев басшылық жасады.

Жүздеген шақырым қызылқұмға жаз, күз айларында шопандардың үйлерін көшіріп, қыста Жаңадария бойындағы мал қыстауларына отын, жем-шөп тасып жүрген жүргізуші-



Өрине, өз алдына енші алып, ел болу оңай шаруа емес. Шалғайда орналасқан жас совхоздың жұмысын жүргізіп, қашан қалыптасып кеткенше қиуыр іс атқару керек. Совхозға басшылық жасаған азаматтар мен білікті мамандар бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын ұйымшылдықпен атқара білді. Алпысыншы-жетпісінші жылдары Қызылқұм қойнауынан скважиалар қазып, мал жайылымын игеру, күрші өсіретін совхоздардың малын қабылдап алу, мамандар мен мал бағатына шопан кадрларды тарту, Жаңадария бойын қыстайтын шопан қыстаулары мен қораларын, совхоз орталығында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жүргізіліп жатты. 1967-1968 жылдары Жамбыл атындағы колхоз, Қазақстанның 20 жылдығы, Аққұм, Еңбек, Ақарық колхоздарының қой, жылқы, түйе малдары Жаңадария совхозына берілді. Атап айтар болсақ, Ақарықтан келген қой бірінші фермаға (ферма меңгерушісі Дауылбай Сыздықов), Еңбек, Қазақстанның 20 жылдығы колхозынан келген қой екінші фермаға (ферма меңгерушісі Сәден Ағытаев), Жамбыл атындағы колхоздан келген мал үшінші фермаға (ферма меңгерушісі Омық Бұйраев), ірі кара малдары төртінші фермаға ұйымдасып, бұл ферманы Байжігіт Әбіқалиев басқарды.

Үшінші ферма орталығы Аққолқа ауылы кезінде суы сәркірап тасыып аққан, жері шұрайлы, малға жайлы Жаңадарияның жағасында орналасқан. Сол Жаңадария Сырдарияның үлкен бір арнасы, яғни сағасын қазіргі Тасбөгеттің жоғары жағынан алып, Қызылқұмның солтүстік етегімен Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарының жанымен өтіп, Арал теңізінің шығысына барып құяды. Бұл дарияның бойында көптеген елді мекен қоныстанып, мал ұстап, егін егіп, балық аулап күн көрген.

Жаңадарияның екі жағы да тарихи ескерткіштерге бай. Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарының тұсында арна бойында «Шірікқабат», «Кекірелі», «Үбіс», «Бөкей», «Молдамұрат», «Талқанбай», «Қараш», «Құмқала», «Қатынкеткен», «Сәтбай», «Шауек», «Балапап төбе», «Әлменбет», «Қышбөгет», «Сары ишан», «Үсен шүңгілі», «Көкпая», «Саңқай», «Бесжан», т.б тарихи жерлерде халық мекендеген. Жаңадария мен Сырдария аралығын мекен етіп күн көрген елдер екі дарияны да кесіп өтіп, қыста Қызылқұм мен Жаңадария бойын қыстаса, жазда малдың жағдайымен Қаракұмға көшкен. Айта кетейік, Қармақшы ауданы аумағындағы «Қуандария», «Аққыр» ауылы аумағындағы «Майлыөзек» каналдары Жаңадария арнасынан бастау алады. Өрине, жоғарыда аталған тарихи орындар туралы деректер бар.

1968 жылы қазығы қағылып құрылған үшінші ферманың (ферма меңгерушісі Омық Бұйраев) қалыптасып кетуі үшін қиуыр жұмыс күтіп тұр еді. Ең алдымен сол кездегі Жамбыл атындағы колхоздан әкелетін қойлар мен ірі қараны қабылдап алып, оны бағатын малшылар тарту, ферма орталығына көшіп келген мамандарға арнап тұрғын үй салып тұрақтандыру, малшылардың үйлері мен мал қораларын салу жұмыстары қолға алынды және сол жұмыстар жүйелі атқарылып жатты. Колхоздан

Меншік иесі: СЫРМЕДИА жауапкершілігі шекттелігі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2845 Тапсырыс №1226 Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ
---	---	---	---	--



«Өнер – ұлттың жаны, ұстаз – ұрпақтың шамшырағы» дейді халқымыз. Осы екі асыл қасиет бір адамның бойынан табылса, ол – елдің рухани байлығы. Сондай жанның бірі – ақын, сазгер, ардагер ұстаз, көпшілікке емшілік қасиетімен де танылған Айкүміс Орынбаева.

Адам өмірінде ел жалында мәңгі қалатын екі-ақ із болады. Бірі – соңында қалдырған өнегелі ісі, екіншісі – халық жүрегіне жеткен өнері. Кейбір адамдардың ғұмыры осы екі жолды бір арнаға тоғыстырады. Олар өмірін атак үшін емес, елдің игілігі үшін арнайды. Сондықтан олардың артында марапаттан бұрын халықтың алғысы, даңқтан бұрын елдің ықыласы қалады. Сондай тағдыр иесінің бірі – Жалағаш өңірінің ардақты қызы, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, өнерге және туған жердің рухани дамуына арнаған Айкүміс Телғаракызы.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген қанатты сөзі бар. Сол бесікті тербетіп, ұлттың рухын тәрбиелейтін ең ұлы күш – ұстаз бен өнер. Айкүміс апайдың бүкіл ғұмыр жолы осы қос ұғымның төңірегінде өрілді. 1963 жылдың 1 ақпанында Жалағаш ауданының Қарайірім бекетінде дүниеге келген Айкүміс қасиетті Сыр бойының өнер мен өнеге қатар өрліген ортасында өсті. Қазақ «Тектіден текті туады» дейді. Бұл сөз оның өміріне дәл айтылғандай. Атасы Орынбай немересінің кітапқа құмар болып өсуіне ерекше көңіл бөлген. «Кітап оқыған баланың көкірек көзі ояу болады» деп үнемі қолына кітап ұстатып, білім мен руханияттың қадірін сіңіріп өсірген. Әкесі Телғара домбыраның құлағында ойнаған өнерлі жан болған. Ол қызының қолына қара домбыраны ұстатып «Домбыра – қазақтың жаны, оны жанына серік ет», – деп үйреткен. Ал анасы Күлшәрі Бәкбергенқызының бойында суырлы салма қасиет болған. Ана әлдінінің өзінде жыр, әке үнінің өзінде күй бар шамырақта өскен Айкүміс үшін өнер – таңдау емес, тағдыр еді. «Өнер маған ананың ақ сүтімен, әкеңің қанымен келді», – деп тебірене еске алды кейіпкеріміз. Тағы бір ұлпен мақтанышы – Жалағаш өңіріндегі киелі Мәмбет әулиенің ұрпағы болуы. Ел аузындағы әңгімелерде Мәмбет әулие тек темір ұстасы ғана емес, ерекше қасиет иесі ретінде айтылады. Темірдің шаңқылынан әуен еститін сол қасиет бүгінгі ұрпағының бойында ән болып жаңғырғандай.

Айкүміс апай мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ өнерге ерекше құмар болған. Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте оқып жүргенде ән айтып, өлең жазып, көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесіне айналған. Бесінші сыныпта жазған «Анама» атты тұңғыш өлеңі бала жүректің мөлдір сезімінен туған еді. Алғашқы өлеңдерінің бірі республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жарық көрген. Жас талаптың шығармашылық қабілетін танып, оның өлеңдерін газет бетіне жариялауға қолдау көрсеткен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Дәуітәлі Теміржанов қамқорлығы Айкүміс апай үшін үлкен мектеп болды. Бұл жас ақынға қанат бітіріп, шығармашылыққа деген сенімін нығайтты.

Тоғызыншы сыныпта оның жүрегінен алғашқы ән туды. Мамыр айының жайма шуақ күндерінің бірінде дүниеге келген «Жүрекке жүрек тіл қатар» әні кейін студент жастардың арасында кең тарап, бейресми гимнге айналарын ол жезде жас Айкүміс

білген жоқ. 1980 жылы мектепті аяқтаған соң оның арманы Алматы консерваториясында оқу еді. Алайда тағдыр басқа жолды таңдады. Ата-анасының денсаулығы мен соңынан ерген бауырлары алдындағы жауапкершілік оның өмірлік таңдауына әсер етті. Қазақ «Арманнан үлкен – аманат» дейді. Сол себепті ол Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы қазақ қыздар педагогикалық училищесінің музыка бөліміне оқуға түскен. Бұл таңдауға ол бұған дейін бірде-бір рет өкінген емес. Училищеді оқып жүрген жылдары оның бойындағы табиғи талант бұрынғыдан да ашыла түскен. Кейіпкеріміз ес білгеннен бүгінге дейін Өбілхайыр Ералиев, Мәлік Аяпов, Жұма Данилов, Қали Ибраевқа еліктеп өсіп, олардың шәкірті атанған. Бүгінде ол сол ұстаздарының есімін ерекше құрметпен айтып, сағынышпен еске алды.

Қазақта «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы сөз бар. Бұл нақылдар Айкүміс Телғаракызының ғұмыр жолына дәл келеді. Себебі ол ұстаздықты жай ғана мамандық емес, тағдырдың аманаты деп білді. Ал өнерді кәсіп емес, жүрегінің үні санады. Оқуын аяқтап, қолына диплом алған соң жас маман туған елге оралды. Еңбек жолын Ақсу ауылындағы №116 мектептен бастаған. Жас мұғалім бойындағы білімге деген құштарлық, балаларға деген мейірім мен жауапкершіліктің арқасында аз уақыттың ішінде ауыл тұрғындарының құрметіне бөленді. Кейін №22 және №4 балабақшаларда музыка жетекшісі болып еңбек етті. Бүлдіршіндердің бойына ән мен күйдің нәрін сіңіріп, өнерге деген алғашқы қадамын нық басуына ықпал етті. Балабақшадағы әрбір мереке, әрбір қойылым, әрбір ән – оның ізденісі мен тынымсыз еңбегінің жемісі болатын. 1990 жылы кенттегі әл-Фараби атындағы №201 орта мектептің есігі айқара ашылғанда, Айкүміс Телғаракызы осы білім ордасының алғашқы музыка пәні мұғалімдерінің бірі болып қабылданды. Содан бері бұл мектеп оның екінші шамырағына айналған. Отыз бес жылдан астам уақыт бойы ол мыңдаған шәкіртті жүрегіне өнердің шуағын септі. Домбыраның қос ішегінен төгілген күйдің қасиетін, әннің киесін, ұлттық өнердің қадірін шәкірттерінің бойына сіңірді.

Кейіпкеріміз «Музыка – адамның жанын тәрбиелейтін ең нәзік өнер. Ән үйрету – тек дауыс тәрбиелеу емес, ең алдымен жүректі тәрбиелеу» – дейді. Шәкірттерінің сахнада жарқырап, ел алдында өнер көрсетіп жүргенін көрген сайын ұстаздық жолының жаз кетпегеніне шүкіршілік етеді. Айкүміс апайдың шәкірттері арасында өнер жолын таңдаған талантты жастар аз емес. Солардың бірі – ақын Дидар Өмірзақ. Ұстазы оның бойындағы ақындық дарынды ерте танып, шығармашылыққа қанаттандырды. Назерке Нұрпейісова да өнерге ынтық шәкірттердің бірі болды. Осындай шәкірттерінің жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі.

Ол ешқашан шәкірттеріне тек ән айтуды үйретумен шектелген емес. Ең алдымен туған жерді сүйді, үлкенді құрметтеуді, ұлттық тәрбиені білуге сіңіруді үйретті. Өйткені өнер тәрбиесіз болмайды. Өзі де Мәлік Аяпов, Жұма Данилов, Қали Ибраев сынды ұстаздарынан көрген қарапайымдылық пен кісілікті өмірлік ұстанымына айналдырды. Студент шағында Нұрғұл ән-би халық ансамблі және «Аққулар» вокал-инструменталды ансамблерінің құрамында өнер көрсетіп, ұрмалы аспаптар мен гитарда еркін ойнады. Талай мәдени кештің сәнін келтірді.Соған қарамастан «Ауылда қалып қойдым деп ешқашан өкінбеймін. Өнердің қадірін білетін көркемөн ауылда да бар. Халықтың ықыласы – ең үлкен марапат», – дейді. Бұл сөзден туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік пен қарапайым қазақ қызының болмысы анық байқалады.

Ұстаздық пен шығармашылықты қатар алып жүру – үлкен жауапкершілік. Оның үстіне отбасының берекесін сақтап, бала тәрбиесі, қоғамдық жұмыстар – мұның бәрі әйел адамның ыңырына түсетін ауыр жүк. Айкүміс апай осының бәрін бір арнаға тоғыстыра білді. Өйткені оның жанында өмірлік серігі Батырхан ағай әрдайым қолдау көрсетті. Өнер адамның жары болу – үлкен түсіністік пен сабырды қажет етеді. Кейде шабытпен түн ұйқысы бөлінеді, кейде жана әннің әуені көңілді тербейді. Осындай сәттердің бәрінде Батырхан ағайдың қолдауы мен жанашырлығы Айкүміс апайдың шығармашылығына куат берді. Бүгінде Айкүміс Телғаракызы үш перзентінен он немере сүйіп отырған ардақты ана, ауялы әже. Үлкен ұлы Нұрбек аудандық мәдениет саласында еңбек етіп, туған өлкесінің рухани өміріне өзіндік үлесін қосып келеді. Ал кіші ұлы Айбек – консерватория түлегі, дәстүрлі ән өнерінің бел ортасында жүрген өнерпаз. Анасының көптеген әндерін республикалық сахнаға алып шығып, тыңдарманға кеңінен танытып жүрген де осы Айбек. Қызы Балұр филология факультетін тәмамдап, сөз өнерінің қасиетін қастерлеген, ұлттық руханиятқа жақын болып өскен жан. Отбасының берекесін келтіріп отырған келіндері

де осы әулеттің мақтанышына айналған. Үлкен келіні Жанар жиырма жылдан астам уақыттан бері осы шаңырақтың түтігін түтетіп, аудандық білім бөлімінде абыройлы еңбек етіп келеді. Ал кіші келіні Айнұр Алматыдағы Аграрлық университетте ұстаздық қызмет атқарып, жас мамандарды тәрбиелеуге үлес қосуда. Қазақ «Келін ененің топырағынан жаралады» дейді. Расында да, келін тәрбиелеу – қазақ әйелінің ең үлкен парасатының бірі. Айкүміс апай келіндерін қызғандай көріп, сыйластық пен түсіністікке негізделген өнегелі отбасылық дәстүр қалыптастыра білді. Оларға тек шаңырақтың ұйытқысы болуды ғана емес, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық жасау, отбасының береке-бірлігін сақтаудың мәнін үйретті. Соның нәтижесінде бұл әулет бүгінде татулығы мен сыйластығы жарасқан өнегелі отбасы ретінде көпшілікке үлгі болып отыр.

Өнердің киесі ұрпағымен бірге жалғасып келеді. Немерелері де өнерден құр алақан емес. Әсіресе Қажарман мен Қаракаттың бойындағы өнерге деген құштарлық, сахнаға деген сүйіспеншілік әжесінің жүрегіне ерекше қуаныш сыйлайды. Олар түрлі мәдени шараларда өнер көрсетіп, ән мен жырға жақын болып өсіп келеді. Бұл – ұрпақ бойына сіңген тәрбиенің, өнерге деген құрметтің айқын көрінісі. «Өнер – жүректен шықса ғана жүрекке жетеді». Бұл сөз Айкүміс Телғаракызының шығармашылығына берілген әділ баға іспетті. Кей адамдар әнді әуелі әуеннен бастайды, ал Айкүміс апайдың әндері алдымен жүрекке туады. Жүрек толқыны әуенге айналып, әуен жырға ұласып, кейін халықтың ортақ қазынасына айналады.

Оның шығармашылық жолы мектеп қабырғасынан басталды. Бесінші сыныпта жазған «Анама» атты тұңғыш өлеңі бала жүректің мөлдір сезімінен туған еді. Ал тоғызыншы сыныпта дүниеге келген «Жүрекке жүрек тіл қатар» әні оның сазгерлік әлемге жасаған алғашқы қадамы болды. Жылдар өте келе бұл ән студент жастардың арасында кеңінен тарап, олардың бейресми гимніне айналғанын әлеуметтік желі арқылы білгенде, автордың қуанышында шек болмаған. Себебі өнер несі үшін ең үлкен марапат – шығармасының халық жүрегінен орын алуы. Айкүміс Телғаракызы шығармашылықты ешқашан атак үшін жазған емес. Ол үшін әрбір ән – жүрек сыры, әрбір өлең – өмірдің өзінен туған шындық. Оның айтуынша, шабыттың табиғаттың сұлулығынан, адамдардың ізгі қасиетінен, туған жердің тынысынан, ана мейірімінен, елдің бірлігінен алады.Сондықтан да оның әндерінің басым көпшілігі туған жерге, анаға, ұстазаға, Отанға, махаббатқа арналған. Өнер адамдарының тағдыры көбіне ауыр сынақтармен сабақтасып жататыны белгілі. Айкүміс апай да өмірінде сондай бір ауыр кезеңді бастан өткергенін тебірене еске алды. Бір жылдары денсаулығы сыр беріп, ауруханаға түскен. Тәжірибелі дәрігерлер емдегенімен, дертке нақты дауа табылмаған. Сол сәтте ол өнердің тылсым күдіретін ерекше сезінген. Аурухана төсегінде жатқанда бір күні жүрегінен бір әуен оналды. Сол әуен кейін ақын Зейнолла Шүкүрөвтің сөзіне жазылған «Сен үшін» әніне айналған. Бұл ән – мұннан туганымен, үмітке жетелейтін шығарма. Айкүміс Телғаракызының шығармашылығында ерекше орын алатын тағы бір туынды – «Жалағашым». Темірше Сарыбайұлының сөзіне жазылған бұл ән алғаш дүниеге келгенде оның мұндай биікке көтерілетінін ешкім болжай қоймаған. Жалағаш жұрты бұл әнді жүрекпен қабылдаған. Арада жылдар өткен сайын ән халықтың рухани өмірімен біте қайнасып, бүгінде Жалағаштың бейресми әнұранына айналды. Бұл шығарманың халыққа жету жолы да оңай болмады.

Айкүміс апайдың айтуынша, ән жиырма жылдай өзінің бағасын күткен. Алғаш нотасын түсіріп орындаған өнерпаз – Алтын Жанашев. Кейін ұлы Айбектің орындауында республикалық «Сегіз қырлы» бағдарламасының «Сіз естімеген бір ән» айдырында халыққа жол тартқан. Одан кейін ән республикалық телесарналарда, «Дарабоз» бағдарламасында, Қазақ радиосының эфирінде шырықалып, сарапшылардың жоғары бағасына ие болды. Әннің кеңінен насихатталуына мәдениет саласының жанашырлары – Жағыпар Тәжмаханов пен Бибісәия Дүйсенбиева үлкен еңбек сіңірген. Халықтың жүрегінен орын алған әннің ғұмыры ұзақ болады. «Жалағашым» соның айқын дәлелі. Қазіргі таңда Айкүміс Теліқарақызының қаламынан «Көктемді сендермен қарсы алам», «Қиран қиял», «Сағыныш», «Сен үшін», «Самарканның көк тасы», «Кел, жана жыл!», «Ян, қазақ!», «Сен едің», «Қарлығаш келді үйіме», «Дос іздеймін», «Бабалардың арманы», «Жүрекке жүрек тіл қатар», «Туған жер», «Қайтадан саған ғашық болайын», «Ұстазым», «Анама», «Қайран жүрек», «Майдангерлер – қадірменді қарттарым», «Күзгі әуен!», «Іңкәр сезім», «Қыз сыры», «Ііркөлім», «Қасиетті әліппе», «Ақсуым менің», «Әзінді мен де сүймес ем», «Женеше-ай», «Сағым жылдар», «Ақ орман!» атты туындылары облыс пен

республика сахналарында орындалып, тыңдарманның ықыласына бөленіп келеді.

Ол Ғазиза Әбілда, Қуат Ахетов, Темірше Сарыбайұлы сынды ақындардың сөздеріне ән жазып, қазақ ән өнерінің қоржынында өзіндік қолтаңбасын қалдырып келеді. Шығармашылық жолында қарапайымдылықты ту етіп, Темірше Сарыбайұлы, Балғабай Имашев секілді азаматтарды өзіне өмірлік үлгі санады. Өнер мен тәрбиені өмірінің өзегіне айналдырған ана бүгінде сол еңбегінің жемісін көріп отырған бақытты жан.

Қазақ халқы «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Ал артына өнегелі іс, халық жүрегіне жеткен ән, ұрпақ санасына сіңген тәлім қалдырған жанның ғұмыры уақытпен өлшенбейді. Ондай тұлғаның өмірі өзі тәрбиелеген шәкірттерімен, жазған жырларымен, шығарған әндерімен жалғаса береді. Айкүміс Телғаракызының бойындағы көпшілік біле бермейтін тағы бір қасиет – атадан конған емшілік. Бұл жайында ол ұзақ жылдар бойы жария айтуды жөн көрмеген. Себебі ол қасиетті атак үшін емес, халыққа қызмет ету үшін берілген аманат деп қабылдады. Өзінің айтуынша, бір күні әкесі Телғара түсіне еніп, аян береді. Сол аяннан кейін қой сойылып, анасы Күлшәрі Бәкбергенқызының ақ батасын алып, елге шипагерлік қызмет көрсете бастайды. Бұл жолды ол ешқашан кәсіп көзі деп қараған емес. Қиналған жанға қол ұшын созуды азаматтық парызым деп білді. Он жылыға жауық уақыт ішінде бірнеше адамның алғысына бөленді. Сол жылдары Мәлік Аяпов пен Кенжеғара Сүлейменовте оған ризашылығын білдіріп отырған. Бірде Мәлік Аяпов «Осы қасиетіңіз туралы мақала жазайық», – дегенде, Айкүміс апай «Атадан балаға қанмен дарыған қасиетті жариялаудың қажеті жоқ» деп, тек өзінің өлеңдерімен әндерін ғана жариялауға рұқсат берген. Шығармашылық жолында оған ақын Ғазиза Әбілдасева да үлкен қолдау көрсеткен. Оның шығармаларын көпшілікке танытуға ықпал етіп, Мәмбет әулие туралы кітаптың жарық көруіне атсалысып өз үлесін қосқан.

Кейіпкеріміздің шығармашылығындағы айтулы белестері бір – «Көктемді сендермен қарсы алам» атты алғашқы шығармашылық кеші. Бұл кеш аудан жұртшылығының ыстық ықыласына бөленіп, өнерсүйер қауымның әлі күнге дейін есінде. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Тұрақ Ахетовтің қолдауы бұл кештің жоғары деңгейде өтуіне үлкен ықпал етті. Айкүміс Телғаракызы бүгінгі жастарға әрдайым үлкен үмітпен қарайды.

– Қазіргі жастардың ізденісі жақсы. Ең бастысы – ұлттық болмысты жоғалтпай, өнерді қадірлей білсе екен. Аға буын мен жас буынның арасындағы рухани сабақтастық үзілмесе, халқымыздың өнері ешқашан өлмейді», – дейді ол.

Сұхбат барысында кейіпкерімізге «Сіз үшін бақыт деген не?» деген сұрақ қойылды. Сонда ол еш ойланбастан «Мен үшін бақыт деген – отбасымның амадығы. Сондай-ақ жар болу, ана болу, ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұстаздық қызметім мен өнерім – сол бақыттымын жалғасым», – деп жауап берді. Шынында да, ол – аяулы жар, ардақты ана, мейірімді әже, шәкірт жүрегінен орын алған ұстаз, ел құрметіне бөленген ақын әрі сазгер. Айкүміс Телғаракызы ешқашан атак қуған емес. Өйткені ол үшін ең үлкен марапат – халықтың ықыласы мен алғысы. Ол үшін көшеде кездескен адамнан «Ұстазым, берген тәліміңіз үшін рақмет!», «Әніңіз жүрегімізге жетті!», «Алла шипаңызды берсеңіз!», деген бір ауыз сөз кез келген марапаттан қымбат. Әкесі Телғараның «Қарғыс алма, алғыс ал» деген өсеті оның бүкіл өмірінің темірқазығына айналған. Бүгінде Айкүміс Телғаракызының жүрегіндегі ең үлкен тілек те қарапайым. «Жалағаш ауданының халқы аман болсын. Еліміз тыныш, жұртымыз берекелі, бірлігіміз бекем болсын. Ұрпағымыз өнер мен білімді қатар ұстап, туған жерін сүйетін азамат болып өссе – менің бар тілегім осы», – дейді ол.

Бұл – бар саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған тұлғаның жүрек сөзі. Шынында да, жүректен туған ән қартаймайды. Жаннан шыққан жыр ұмытылмайды. Ұстаздың берген тәлімі уақыт өткен сайын өз жемісін береді.

Айкүміс Телғаракызы өмір жолы – өнер мен өнегені қатар өрген гирбатты ғұмырдың жарқын үлгісі. Оның «Жалағашым» әні туған жермен бірге жасы береді. «Жүрекке жүрек тіл қатар» талай жастың жүрегінен орын ала береді. Ал тәрбиеленген шәкірттері мен қалдырған рухани мұрасы – оның мәңгілік ғұмырының жалғасы.

Өнерді өмірінің өзегіне, ұстаздықты ұлы мұратына айналдырған Айкүміс Орынбаеваның есімі ел жалында әрдайым құрметпен аталып, кейінгі ұрпаққа тағылым болып қала беретіні сөзсіз.

Ләззат ӘБІЛҒАЙЫЗ

Бәрекедді!

АУЫЛ ӨНЕРПАЗДАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

Өнер ұлқа бөлінбейді. Алайда сөздің құдіретін сезініп, нақышына келтіріп жеткізу де, әуелете ән салу да қазақтың болмысымен біте қайнасқан. Ерлігімен тарихта қалған Бұқарбай батырдың есімін иеленген ауылдың балалары да баба рухына лайық қайсарлық пен табандылық танытып, бұл жолы халықаралық сахнада ел намысын абыроймен қорғады. Бұл – бір ғана жеңіс емес, ұлттық өнердің өміршендігін, ауылдан шыққан таланттың шекара танымайтынның дәлелденген жарқын белес.



естігенде алғашында сене алмадым, – дейді өзі.

Ол болашақта басқа бағытқа бет бұруды бағдарлағанмен ән мен домбыраны өмірінің ажырамас бөлігі ретінде көретінін айтады. Осылайша халықаралық байқау ауылдың қос өнерпазына жаңа белес сыйлады. Бұл жеңіс

олардың ғана емес, өнерге жанашыр әрбір жанның қуанышына айналды. Ертен бұл сахнаға басқа балалар шығары анық, бірақ биылғы байқау ауыл тарихында қос бас жүлдемен қалмақ.

Гүлжан ЕСЖАН